

Отар ауылындағы атауы жоқ көшеге Ынтымақ атауын беру туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы N 42 Шешімі. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 қаңтарында 6-5-116 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14- бабындағы 4) тармақшасына және 2010 жылғы 28 сәуірдегі Отар ауылындағы атауы жоқ көше тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШТІМ:**

1. Отар ауылының оңтүстік жағындағы Гагарин көшесіне қосарласып тұрған бірінші атауы жоқ көшеге Ынтымақ атауы берілсін.

2. Осы Шешім Әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Отар ауылдық округінің әкімі

О. Баймұхамбетов